

Тақырыбы:
Түбір және

туынды сөз



Сабақтың мақсат – міндеттері:

А) Білімділік:

Бір түбірден әртүрлі жұрнақ жалғану арқылы жасалған сөздердің түбірлес сөздер деп аталатынын түсіндіру

Ә) Дамытушылық:

Сөздерді сөз құрамына талдай отырып, түбірлес сөздерді таба білуге, оларды сауатты әрі көркем жазуға үйрету.

Б) Тәрбиелік:

Ана тілін қадірлеуге, білімділікке, сауаттылыққа тәрбиелеу.



Сабақтың түрі: Жаңа білімді меңгеру

Сабақтың әдісі: СТО технологиясы, сұрақ-жауап, ойын

Пәнаралық байланыс: Әдебиеттік оқу

Оқыту құралдары:

Оқулық, дәптер, көрнекілік

ҰЙЫМДАСТЫРУ БӨЛІМІ

Қазақ тілім-өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.
Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,
Болашағым, бақытым, дара тілім.





Үй

тапсырмасын тексеру

Тест



1. Туынды сөздерді көрсет.

а) жазушы, іскер, оқушы

в) қой, ата, тау

с) жыр, құлақ, көл

2. Түбір сөзге жұрнақтан кейін жалғанатын:

а) жұрнақ в) жалғау с) шылау

3. Қосымша деген:

а) түбір, жалғау

в) жұрнақ, жалғау

с) түбір, жұрнақ

4. -шы, -ші жұрнақтарымен туынды сөз жасаңдар:

а) жыр, күй

в) тау, сән

с) көңіл, тәрбие

5. Түбір сөздерді табыңдар:

а) жұмыс, ән

в) жұмыс, жұмыстар

с) жұмыс, жұмысшы

*ӨТКЕН МАТЕРИАЛДЫ
ҚАЙТАЛАУ АРҚЫЛЫ
ЖАҢА МАТЕРИАЛҒА
КІРІСПЕ.*

Сұрақтар:

-
- 1.Сөздің бөлінбейтін мағыналы бөлігі.
 - 2.Сөздің түбірге жалғанған бөлігі.
 - 3.Сөз мағынасын өзгертетін қосымша.
 - 4.Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша.
 - 5.Түбір сөзге жұрнақ қосылу арқылы жасалған сөз.



Жаттыгу
жұмыстары




1-ЖАТТЫҒУ.МӘТІНДІ ОҚЫ.ҚАРАМЕН ЖАЗЫЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ ТҮБІРІ МЕН ЖҰРНАҒЫН ТАУЫП ЖАЗ.


Мәди жасынан домбыра тартып,ән айтуға бейім болды. Ол **ақындық,композиторлық** өнерді өзінің жан серігіне айналдырды.

Мәди күрес жолында жүріп есейді.Қарапайым халықтың мұңын шерткен **әнші** ақын атанды.


Оның **ақылды,адал** жан екенін Әндерінен айқын сезіледі.

Мәди кім?Ол туралы не білесің?





Мәди Бәпиұлы Алишынбаев-ақын, композитор.
Балалаық шағынан өзінің әнімен және домбыра
ойнауымен даңқы шыққан. Ақан сері, Біржан-сал
әнші ақындармен кездескен.



2-ЖАТТЫҒУ. ТЕРМЕ ДИКТАНТЫ.

**ӨЛЕНДІ МӘНЕРЛЕП ОҚЫ. ТУЫНДЫ СӨЗДЕРДІ
ТЕРІП ЖАЗ.**

Тәуелсіз елім бар

Жемісті бауым бар,

Шың-құзды тауым бар.

Еңісті өр еткен

Жеңісті қауым бар.

Жайдарлы жерім бар,

Өрісті белім бар.

Ерлікке баулитын

Егемен елім бар

Бауыржан Исаев.

Тәуелсіздік туралы мәтін құрастыр.



ТӘУЕЛСІЗДІК АЛУ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҮШІН
ОҢАЙҒА ТҮСКЕН ЖОҚ.БҰЛ 1986 ЖЫЛЫ 16
ЖЕЛТОҚСАНДА БОЛҒАН ЖАСТАР
ҚОЗҒАЛЫСЫ.БҰЛ ҚОЗҒАЛЫСТА
КӨПТЕГЕН ЖАСТАРЫМЫЗ ҚҰРБАН
БОЛДЫ.ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРБАНДАРЫН ЕШ
УАҚЫТТА ҰМЫТПАЙМЫЗ,ОЛАРҒА БАС
ИЕМІЗ.

“КІМ ЖЫЛДАМ” ОЙЫНЫ
СӨЗДЕРДІ ОҚЫП, ОЛАРДЫҢ ҚАЙСЫСЫ ТҮБІР СӨЗ,
ҚАЙСЫСЫ ТҮЫНДЫ СӨЗ ЕКЕНІН АЙТ.

Жазушы, өнер, егін,
ертең, жарыс,
татулық, іскер,
ертеңгі, көңілді, егін,
іс жаз бадапан

Сергіту сәті

Күн ұйықтайды. Күн оянады.

Жел соқты. Жаңбыр жауды.

Бұлт шатырлады. Күн
ашылды.

Жел басылды.



“СӨЗ ОЙЛА,ТЕЗ ОЙЛА” ОЙЫНЫ

I-топ оқушылары
түбір+жұрнағы бар сөздерді,
II-топ оқушылары
түбір+жұрнақ+жалғауы бар
сөздерді ойлап тауып жазады.



СӘЙКЕСТЕНДІРУ ТЕСТІ. “МЕНІҢ БАҒЫТЫМ”

СЫЗБАЛАРДЫҢ ҚАСЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН СӨЗДЕРДІ ЖАЗУ.

ЖҰМЫС

-ЛЫҚ

дос

-ШЫ

сый

-ші

талап

-кер

қызмет

дойбы

ас

-ТЫҚ

Шығармашылық тапсырма

**-ШЫ,-ШІ,-ДЫ,-ДІ,
ЛЫ,-ЛІ ЖҰРНАҚТАРЫНА
СӨЗ ОЙЛАП,ТУЫНДЫ СӨЗ
ЖАСА.**

**4-жаттығу. Сөйлемді түсініп оқы.
Түбір жұрнақ, жалғаудан құралған
зат есімдерді теріп жаз.**

Дәрігерден сыр жасырма, ауруыңды асқындырасың.

Біреуге істеген жақсылықты міндет етпе.

Біреуден көрген жамандықты ұмыт, кекшіл болма.


САБАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

1. Қосымша нешеге бөлінеді?
2. Жалғау дегеніміз не? Мысалдар келтір?
3. Жұрнақ дегеніміз не? Мысалдар келтір?

1. Қосымша 2-ге бөлінеді. Жұрнақ және жалғау.

2. Жалғау - сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны **жалғау** дейміз. **Мысалы:** жұмыс-жұмыста, ойын-ойынға т.б

БАҒАЛАУ.



Бүгінгі сабаққа
белсен

қатысқан оқушыларды
бағалаймын.

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА.

- ▣ **3-жаттығу.** Сурет бойынша әңгіме құрастырып жаз. Сөйлемдегі туынды сөздерді тауып, сөз құрамына талда.



**Назарларыңызға
рахмет!**

**Орындаған:
Кондудаева З.Е.**